Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне

Шағым

Ұйымдастырушы "Түркістан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі , тапсырыс беруші **"Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының "Түлкібас аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны"** мемлекеттік мекемесімен 04 сәуір 2022 жылы Азық-түліктер мемлекеттік сатып алу үшін **№7285951-1** санды ашық конкурс жариялаған.

«ТУРДАЛИЕВ АЛМАС РАТБЕКОВИЧ» ЖК өнім беруші ретінді жоғарыда аталған конкурсқа қатысқан болатын.

Конкурстық комиссия өтінімдерді қарау барысында **№ 7285951-ОК1** санды алдын ала рұқсат беру туралы хаттамада «ТУРДАЛИЕВ АЛМАС РАТБЕКОВИЧ» ЖК-нің өтінімін төмендегідей негізде қайта толықтыруға жолдаған болатын*: Әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылған) конкурсқа жіберілмейді егер: ол біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса, егер оның конкурсқа қатысуға өтінімі конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса, әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін техникалық ерекшелікті ұсынуы; Приложение 8 - конкурстық құжаттаманың 8-қосымшасына сәйкес біліктілігі туралы мәліметтерді ұсынбауы, сондай-ақ толық емес ұсынуы: эпидемиялық маңыздылығы болмашы объекті қызметінің басталғаны және тоқтатылғаны (оларды пайдалану) туралы (конкурстың мәні болып табылатын хабарламаның кіші түрі - тамақ өнімдерін, азық-түлік шикізатын, шаруашылық-ауыз суды, қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын ұйымдар мен көлік құралдары (теміржол, автомобиль, су және әуе) қызметтің басталғаны жөнінде көрсетілген) әлеуетті өнім берушіге алынған хабарламасы ұсынылмаған (рұқсат құжаттар ҚҚ 8-қосымшасында толтырылмаған және ұсынылмаған) - қағида талаптарына сәйкес эпидемиялық маңыздылығы жоғары объекті болып табылатын азық-түлік сақтау орындарына санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы ұсынылмаған. , Конкурстық құжаттамамен талап етілетін мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінде олар туралы мәліметтер расталатын рұқсаттар мен хабарламалар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған (бағытталған) рұқсаттардың (хабарламалардың) ұсынбауы. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінде мәліметтер болмаған жағдайда әлеуетті өнім беруші рұқсаттар мен хабарламалар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған (бағытталған) тиісті рұқсаттардың (хабарламалардың) нотариалдық куәландырылған көшірмесін ұсынбауы.* **«ТУРДАЛИЕВ АЛМАС РАТБЕКОВИЧ» ЖК-і алдын ала рұқсат беру туралы хаттамаға сәйкес өтінімді толықтырып қайта жіберген болатын.**

Бірақ «ТУРДАЛИЕВ АЛМАС РАТБЕКОВИЧ» ЖК-і алдын ала рұқсат беру туралы хаттаманың 2 бөлігімен келіспейді. Себебі: «ТУРДАЛИЕВ АЛМАС РАТБЕКОВИЧ» ЖК-і ұсынған техникалық ерекшелікте жеткізілетін тауарлардың толық сипаттамалары мен мемлекетаралық стандарттарды (ГОСТ) толығымен көрсете отырып жолдаған болатын. Яғни мемлекетаралық стандарттарда (ГОСТ) тауардың Тапсырыс берушіге қажет барық функционалдық, техникалық, сапалық, өнімділігі мен басқа да сипаттамалары толық қамтылған және де *8-қосымшасына сәйкес біліктілігі туралы мәліметтерді, эпидемиялық маңыздылығы болмашы объекті қызметінің басталғаны және тоқтатылғаны (оларды пайдалану) туралы электронды түрде алынған хабарлама - азық-түлік тасымалдау көлік құралына, азық-түлік қорын сақтауға санитарлық талаптарға сай құрылғылармен жабдықталған қойма ұсынылған және де 3 -қосымшаға сәйкес жеткізген кезде өнім беруші тауарды жеткізген кезде осындай құжаттарды ұсыну туралы кепілдік хаты ұсынылған.*

Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңының 21 бабының 2 тармағының 2 тармақшасына сәйкес:сатып алынатын тауарларға,

жұмыстарға.көрсетілетін қызметтерге ұлттық стандарттар. ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттар керсетіле отырып, техникалық өзіндік ерекшелік камтылуға тиіс. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде мемлекеттік сатып алуды нормалау ескеріле отырып, сатып алынатын тауарлардын, жұмыстардың көрсетілетін қызметтердін талап етілетін функционалдық техникалық сапалық және пайдаланушылық сипаттамалары көрсетіледі делінген. Яғни Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңының 21 бабының 2 тармағының 2 тармақшасына сәйкес «ТУРДАЛИЕВ АЛМАС РАТБЕКОВИЧ» ЖК-і ұсынған техникалық ерекшелігі толығымен заңды түрде ұсынылған.

Сондай - ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңының және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, корсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары, оның ішінде тауарлық белгілерін, қызмет көрсету белгілерін, фирмалық атауларын, патенттерін, пайдалы моделдерін, өндірістік үлгілерін, тауардың шығу жері мен өндірушінің атауын, және басқа да сипаттамаларын көрсете отырып ұсынылады делінген.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде «ТУРДАЛИЕВ АЛМАС РАТБЕКОВИЧ» ЖК-і ұсынған техникалық ерекшелігі Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңының және конкурстық құжаттаманың талаптарына толығымен сәйкес келеді.

Сондықтан Тапсырыс берушінің талабы негізсіз және өнім берушілерді негізсіз әурегершілікке салу деп санаймын. Бұл өз кезегінде мемлекеттік сатып алудың принциптеріне қайшы іс - әрекет.

Сонымен қатар Тапсырыс беруші алдын ала рұқсат беру туралы хаттамада көрсеткен **Мемлекеттік сатын алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы №648 бұйрықтың 238 тармағы 2 бөлігінде:** техникалық ерекшелікті ұсынбау және әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін техникалық ерекшелікті ұсынуы, сондай-ақ техникалық ерекшелікте талап етілетін құжаттарды ұсынбауы деп көрсетілген.

Ал «ТУРДАЛИЕВ АЛМАС РАТБЕКОВИЧ» ЖК-і ұсынған техникалық ерекшелікте жеткізілетін тауарлардың толық сипаттамалары мен мемлекетаралық стандарттарды (ГОСТ) толығымен көрсете отырып жолдаған, сондай-ақ барлық қажетті құжаттарды жолдаған.

Яғни Тапсырыс берушінің, **"Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының "Түлкібас аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны"** Ұйымдастырушы " Түркістан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің іс

- әрекетті Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңның нормалары мен принциптеріне қайшы іс әрекет деп санаймын.

Сондықтан. Сізден Азық-түліктерді мемлекеттік сатып алу үшін **№ 7285951-ОК1** санды ашық конкурстың қорытындысы туралы хаттаманы қайта карауды және мемлекеттік сатып алу заңының талаптарына және принциптеріне сәйкес әділ шешім қабылдануына ықпал етуіңізді сұраймын.

ИП «Турдалиев А.Р.» **Турдалиев А.Р.**